

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті



«Бекітілді»

Ғылыми кеңес отырысында

№ 8 хаттама «28» 03 2025 ж.

Ректор Б.Т.Шакешев

«28» 03 2025 ж.

Білім беру бағдарламасы


Даярлау бағыты: 7M017 – Тіл мен әдебиет бойынша мұғалімдер дайындау

Берілетін дәреже: 7M01701 «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі

БББ шифрі және атауы: 7M01701 «Қазақ тілі мен әдебиеті»


Түскен жылы: 2025

Кафедра мәжілісінде қаралды
№ 8 хаттама «17» 03 2025 жыл

Кафедра меңгерушісі  Ажғалиев М.К.
(қолы) (ТАӨ)

Институт кеңесі отырысында талқыланды


№ 8 хаттама «26» 03 2025 жыл

Институт директоры  Тасмағамбетов А.С.
(қолы) (ТАӨ)

ОӘК отырысында мақұлданды

№ 8 хаттама «28» 03 2025 жыл

Оқу ісі жөніндегі проректор


(қолы)

Мапанова С.А.
(ТАӨ)


Келісілді:

М.Өтемісов атындағы БҚУ филология факультетінің деканы
(лауазымы, ұйым атауы)


(қолы)


Акбулатов Айдарбек Ахметович
(аты-жөні)

«Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжі» МКҚК директоры
(лауазымы, ұйым атауы)


(қолы)

Каирлиева Алтынгүл Жаксыгуловна
(аты-жөні)

Орал жоғары гуманитарлық-экономикалық колледжінің директоры
(лауазымы, ұйым атауы)


(қолы)

Габдуллина Зухра Мендибаевна
(аты-жөні)

Орал қаласындағы Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің директоры
(лауазымы, ұйым атауы)


(қолы)

Айтпукешев Айдарбек Тулепович
(аты-жөні)



7M01701 «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының мазмұны

1.	Білім беру бағдарламасының паспорты	4
2.	Пәндер сипаттамасы	7
3.	Модульдер сипаттамасы	14
4.	Оқу жоспары	21

I. Білім беру бағдарламасының паспорты

Тіркеу нөмірі	7M01700018
Білім беру саласының коды және жіктеуіші	7M01 Педагогикалық ғылымдар
Даярлау бағытының коды және жіктеуіші	7M017 Тілдер және әдебиет бойынша педагогтарды даярлау
Білім беру бағдарламаларының тобы	M017 Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін дайындау
Білім беру бағдарламасының шифрі және атауы	7M01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті
Дайындық бағытына лицензиясының нөмірі	KZ70LAA00005828 от 30.09.2015 №079
Бағдарламаның аккредиттелуінің бар болуы	Ия АРТА, 04.12.2021-03.12.2024
БББ түрі	Қолданыстағы білім беру бағдарламасы
БББ мақсаты	Қазіргі заман талабына сай кәсіби құзіреттілік пен әлеуметтік мобильділікті қамтамасыз ететін филологиялық іргелі теориялық, әдістемелік, сондай-ақ іргелес ғылымдар саласы бойынша түбегейлі дайындығы бар, еңбек нарығында сұранысқа ие жоғары білікті педагогикалық кадрларды даярлау
БББ міндеттері	<ol style="list-style-type: none"> 1. ғылыми-гуманитарлық пәндер саласында жүйеленген білімдерді қалыптастыру және инновациялық технологияларды қолдануды жүзеге асыру; 2. жоғарғы әлеуметтік және азаматтық жауапкершілігі бар, кәсіби қызметті жүзеге асыруға қабілетті магистрлердің негізгі және арнайы құзыреттіліктерін қалыптастыру; 3. магистранттарға қазіргі заманғы филологиялық үдерістер мен құбылыстарды талдаудың ғылыми-зерттеу және тәжірибелік әдістерін меңгерту; 4. ғылыми-зерттеу үдерістеріне магистранттарды тарту; 5. жоғары оқу орындарындағы педагогикалық қызметінің ерешеліктерінің әдіс-тәсілдерін меңгеру; 6. қазіргі заманғы ғылыми және практикалық мәселелерді тұжырымдайтын және оларды шешуге қабілетті, жоғары оқу орындарында білім бере алатын, ғылыми-зерттеу және әкімшілік қызметтерін табысты жүзеге асыра алатын мамандарды даярлау; 7. жалпы және кәсіптік мәдениет деңгейі жоғары мамандар дайындау; 8. педагогикалық қызметті іске асыру үшін психологиялық, педагогикалық білімді меңгерту.

Кәсіптік стандарт негізінде әзірленді (бекітілген күні) (егер болған жағдайда)	<ul style="list-style-type: none"> • Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне (профессор-оқытушылар құрамына) арналған кәсіптік стандарты, 20.11.2023. • Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттар, 24.02.2025. • Педагог, 15.12.2022.
ҰБШ бойынша деңгей	7
СБШ бойынша деңгей	7
Оқыту нәтижелері	<ul style="list-style-type: none"> - қоғамда болып жатқан әлеуметтік, экономикалық құбылыстар мен үдерістер туралы білім мен олардың өзара біртұтастығы туралы түсінік қалыптастырып, ғылымда бар концепция, теория мен бағыттарға сыни тұрғыдан талдау жасай алады (ON1); - тіл білімінің тарихын, теориялық мәселелерін, жаңа бағыттарын, тілтанымдық білімдерді терең меңгереді және қазақ тіл білімінің заманауи мәселелерін шешуге бағытталған ғылыми еңбектерге талдау жасай алуы, әртүрлі салада өзінің тілтанымдық білімін пайдалана алады (ON2); - жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, ақпараттық-талдамалық және ақпараттық-библиографиялық, мәтінтану жұмыстарын жүргізуге қабілетті; осы бағытта ғылыми жобалар мен зерттеулер жүргізуге қабілетті; ғылыми ақпаратты іздеу, талдау және жүйелеу үшін ЖИ пайдаланады. (ON3); - қазақ әдебиеттану тарихы мен теориясын біледі, оның жанрларын, жаңа бағыттарын, өткен және қазіргі өзекті мәселелерін анықтайды, оларды ғылыми принцип негізінде талдайды; оқу-әдістемелік қызметті жүзеге асырады. (ON4); - ЖОО-да арнайы пәндер жүргізуге мүмкіндік беретін шет тілінде ғылыми зерттеулер жүргізуге, сондай-ақ докторантурада оқуды жалғастыру үшін алған білімдерін кеңейтуге қабілетті (ON5); - ғылыми және ғылыми-әдістемелік қызметтің мақсаттары мен міндеттерін біледі, ғылыми еңбектерді талдай алады және зерттеулерін жаңа бағытта кеңейте алады (ON6); - қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі маңыздылығын түсінуге, тілдік құбылыстарды ұлттық таныммен, тарихпен сабақтастықта зерделеуге және талдауға, осы бағыттағы өз ойларын нақты мысалдармен ғылыми тұрғыдан дәлелдеуге қабілетті (ON7); - психологияның, педагогиканың негізгі категорияларын, теориялық мәселелерін меңгерген, олардың негізгі ғылыми тұжырымдамаларын қоғам мен ғылымды дамытудың жалпы проблемаларымен, өмірдегі жағдайлармен байланыстырады; білім алушылардың жас, жеке және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру қызметін жоспарлай алады; тәрбие жұмысының негізгі принциптерін білу (ON8); - пәндерді оқыту әдістемесін жоғары меңгерген, заманауи және инновациялық, цифрлық оқыту технологияларын пайдаланады және инновациялық, педагогикалық тәжірибені қолдана алады (ON9);

	- нормативтік мәтіндерді, оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық технологияларын зерделеу кезінде мәтінмен жұмыс істеу әдістерін қолдануға, қарым-қатынас негіздерін, педагогикалық шешендік дағдыларды, қарым-қатынас стратегияларын меңгеруге қабілетті (ON 10).
Оқыту нысаны	Күндізгі
Оқыту тілі	Қазақ
Академиялық кредиттер көлемі (ECTS)	120
Оқытудың типтік мерзімі:	2 жыл
Берілетін академиялық дәреже	7M01701 «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі
Кәсіби қызмет ету саласы	<p>- инновациялық психологиялық-педагогикалық әдіс-тәсілдер мен құралдарды қолдана отырып, білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыру;</p> <p>- жоғары оқу орнының білім беру үдерісі шеңберінде магистранттардың зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру;</p> <p>- оқу үдерісінде білім берумен қатар магистранттарға зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру;</p> <p>- өкілетті және жергілікті атқарушы органдардың білім беруді басқаруда инновациялық үдерістерді қолдауын</p> <p>Бітірушілердің кәсіби қызметінің типтік міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ұйымдастыру-басқару қызмет; - ғылыми-зерттеу қызмет; - әдеби-мәдени қызмет; - бұқаралық-ақпараттық қызмет. <p>Бітірушілердің кәсіби қызметінің пәні: 7M01701 «Қазақ тілі мен әдебиетін» бітіруші білім магистрінің кәсіби қызмет пәні: білім беру, тәрбиелеу, ұйымдастыру жұмыстары, әдеби-мәдени сала.</p> <p>Ұйымдастыру-басқару қызметі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - оқу үдерісін қазақ тілі мен әдебиеті курстарының мазмұнын жоспарлау, дамушы ортаның мазмұнды қызметін ұйымдастыру үшін материалдарды, әдістер мен тәсілдерді таңдау және оны білім берудің әртүрлі деңгейлерінде білім алушыларды тәрбиелеу құралы ретінде қолдану; - оқу-білім беру үдерісін жүзеге асыру және ұйымдастыру тәсілдерін анықтау; - сәйкес келетін кәсіп бойынша өндірістегі ұйымдастыру-технологиялық қызметі; - мемлекеттік құрылымның әртүрлі деңгейіндегі өндірістік-басқару қызметі. <p>Ғылыми-зерттеу қызметі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді оқып игеру және зерттеу; - қазақ тілі мен әдебиетін оқыту бойынша инновациялық педагогикалық әдістерді зерттеу және қорыту; - педагогикалық эксперименттер жүргізу және оның нәтижелерін оқу үдерісіне енгізу;

	<ul style="list-style-type: none"> - әртүрлі ғылыми және ғылыми-зерттеу мекемелерінде салалық пәндер бойынша ғылыми зерттеулер жасау; - зерттеу жұмысының алгоритмін меңгеру; - қоғамдық ғылымдар жетістіктерін пайдалана білу және ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін қорыту; - зерттеу жұмыстарының жағымды және жағымсыз салдарларын алдын ала болжау.
Кәсіби қызмет нысаны	<ul style="list-style-type: none"> - меншік нысанына және ведомстволық бағыныштылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарының барлық типтері мен түрлері; - техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары; - жоғары оқу орындары; - ғылыми-зерттеу институттары; - білім беру жүйесіндегі қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институттары; - білім беру саласындағы өкілетті және жергілікті атқарушы органдар; - оқу орталықтары.

3. Пәндер сипаттамасы

№	Пәндер сипаттамасы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кре- дит сан ы	Қалыптастырушы оқыту нәтижелері (коды)											
				ON 1	ON 2	ON 3	ON 4	ON 5	ON 6	ON 7	ON 8	ON 9	ON 10		
1	Ғылым тарихы мен философиясы	"Ғылым тарихы мен философиясы" пәнінің мақсаты магистранттарда тұтас ғылыми-философиялық дүниетанымды қалыптастыру, ғылыми білімнің мәнін, құрылымы мен логикасын, оның тарихи эволюциясын түсінуді дамыту, сондай-ақ ғылыми зерттеудің әдіснамалық негіздерін игеру болып табылады. Пән сыни ойлауды дамытуға, ғылыми мәдениет деңгейін арттыруға және тәуелсіз зерттеу қызметіне дайындалуға бағытталған.	3	+						+					+
2	Шет тілі (кәсіби)	«Шет тілі (кәсіби)» пәнінің мақсаты-коммуникативтік-мәдениаралық құзыреттілікті кәсіби және ғылыми қызметтің түрлі салаларында халықаралық стандарт деңгейіне дейін жетілдіру. Пәнді оқу барысында магистранттарда кәсіби сөйлеу қызметінің практикалық дағдылары қалыптастырылады.	5		+				+						

3	Жоғары мектеп педагогикасы	Пәннің мақсаты магистранттардың кәсіби-педагогикалық құзыреттілігін қалыптастыру, білім беру процесін ұйымдастырудың теориялық негіздері мен практикалық әдістерін игеру болып табылады. Пәнді оқу барысында магистранттар оқytудың педагогикалық теориясы мен әдістемесінің негіздерін меңгереді, дәріс және практикалық сабақтарды өткізу, сондай-ақ оқу нәтижелерін бағалау дағдыларын меңгереді.	4	+							+		+
4	Басқару психологиясы	Пәннің мақсаты - магистранттарда басқару психологиясы туралы тұтас түсінік қалыптастыру. Магистранттардың басқару психологиясы бойынша білімдерін игеруі жұмыс әріптестерімен, іскери серіктестермен сындарлы қарым-қатынас құру, жанжалды жағдайларды шешу, кәсіби қызметте жетістікке жету үшін көптеген кәсіби және әлеуметтік мәселелерді шешудің сәттілігін қамтамасыз етеді.	4	+	+						+		
5	Педагогикалық практика	Практиканттардың қызметі. Практиканттардың міндеті Педагогикалық практика мазмұны. Зертханалық сабақтарды ұйымдастыруға және өткізуге қойылатын талаптар. Педагогикалық практика бойынша есеп құжаттары.	4		+		+					+	
6	Зерттеу практикасы	Практика және зерттеу жұмыстың міндеттері мен мақсаттары. Практика және зерттеу жұмысын өткізуді ұйымдастыру. Практиканың және зерттеу жұмыстың мазмұны. Практиканы өтуді және зерттеу жұмысын орындауды бақылау және жетекшілеу. Практика және зерттеу жұмысы қортындысын шығару. Есепті құрастыруға, рәсімдеуге және қорғауға жалпы талаптар.	12						+			+	+
7	Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау	Пәннің мақсаты магистранттардың ғылыми зерттеулерді тиімді жобалау, ұйымдастыру және іске асыру дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Пән зерттеу процесін, уақытты басқара алатын, маңызды ғылыми нәтижеге жеткізе алатын болашақ зерттеушілерді даярлауға бағытталған. Пән ғылыми зерттеулерді жүргізуде жасанды интеллект технологияларын қолдану дағдыларын дамытуға ықпал етеді, ғылыми зерттеуді ұйымдастырудың теориялық және практикалық аспектілерін қамтиды	5						+			+	+
7	Көркем мәтін теориясы	Көркем мәтін теориясы пәнінің оқыту мақсаты – магистранттарды әдеби туындыны талдаудың заманауи әдіснамалық принциптерімен қаруландыру. Пән көркем мәтіннің құрылымдық-семантикалық ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған. Магистранттар мәтін	5				+		+				

		теориясының негізгі категорияларын меңгеріп, шығарманы тұтас жүйе ретінде қарастыруға үйренеді. Сондай-ақ, әдеби талдаудың инновациялық әдістерін практикада қолдану дағдыларын дамытады.																	
8	Жұбановтану	Пәннің мақсаты-магистранттарды көрнекті қазақстандық ғалым және мәдени қайраткер Ахмет Жұбановтың өмірімен және шығармашылығымен таныстыру, сондай-ақ оның қазақ әдебиетін, фольклорын, музыкатануын және тілін дамытуға қосқан үлесі туралы терең білімді қалыптастыру. Пән Жұбановтың шығармаларын Қазақстанның мәдени мұрасы контекстінде талдау және түсіндіру үшін қажетті Талдамалық дағдыларды дамытуға бағытталған.	5				+		+										
9	1960 жылдардағы қазақ әдебиеті	Жоғары оқу орындарында өзінің бар тарихи шындығымен соңғы кездерде оқытылып жүрген пән. Ақтандақтардың бегі ашылып, тиым салынған әдебиеттердің айналымға қайта енуі, қазақ қоғамындағы тарихи сананың жаңғыруы осы кезең әдебиетінің еншісіне тиесілі. Бұл курста ХХ ғасырдың алпысыншы жылдарынан тәуелсіздікке дейінгі қазақ әдебиетіндегі әдеби ахуал, поэзия, проза, драма, әдеби сын, көркем аударма және белгілі қаламгерлердің шығармалары т.б. мәселелер кенінен қарастырылады.	5			+	+												+
9	Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері	Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері пәннің мақсаты – магистранттарға қазақ әдебиеті тарихының даму кезеңдерін ғылыми тұрғыдан жүйелеу принциптерін меңгерту. Пән әдебиет дамуының тарихи, әлеуметтік-мәдени факторларын зерттеуге бағытталған. Магистранттарды әдеби процестерді дәуірлеудің әдіснамалық тәсілдерімен қаруландырады. Сонымен қатар, әдебиеттану ғылымындағы заманауи теориялық концепцияларды талдауға үйретеді.	5				+		+										+
10	Текстология	Текстология пәннің мақсаты – магистранттарға көркем шығармалардың түпнұсқалық мәтінін анықтау, қалпына келтіру және ғылыми зерттеу әдістерін меңгерту. Бұл пән қолжазбаларды сараптау, мәтіндік сын жасау, архивтік материалдармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады. Магистранттарды авторлық редакцияларды салыстыру, текстологиялық комментарий құрастыру принциптерімен қаруландырады. Сонымен қатар, әдеби мұраны жариялаудың ғылыми негіздерін үйретеді.	5			+	+		+										
11	Абай поэзиясының тілі	Пәннің мақсаты-магистранттардың Абай Құнанбаевтың поэзия тілінің көркемдік-эстетикалық ерекшеліктерін терең түсінуін дамыту, оның қазақ әдеби тілі мен ұлттық сана-сезімін дамытудағы рөлін анықтау. Пән Абай поэтикалық тілінің лексикалық-стистикалық, синтаксистік және бейнелі-символдық ерекшеліктерін,	4				+		+										

		оның шығармаларын көркем аудару принциптерін, ауызша халық дәстүрімен байланысын зерттейді.										
12	Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері	Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері пәнінің мақсаты – магистранттарға тіл тарихының даму кезеңдерін ғылыми тұрғыдан жүйелеу принциптерін меңгерту. Пән тілдің эволюциялық процестерін хронологиялық негізде зерттеуге бағытталған. Магистранттарды лингвистикалық дәуірлеудің әдіснамалық тәсілдерімен, тіл тарихын кезеңдеудің заманауи теориялық концепцияларымен таныстырады. Сонымен қатар, тілдің даму заңдылықтарын диахрондық аспектіде талдау дағдыларын қалыптастырады.	5		+				+			+
13	Зерттеу практикасы	Практика және зерттеу жұмыстың міндеттері мен мақсаттары. Практика және зерттеу жұмысын өткізуді ұйымдастыру. Практиканың және зерттеу жұмыстың мазмұны. Практиканы өтуді және зерттеу жұмысын орындауды бақылау және жетекшілеу. Практика және зерттеу жұмысы қортындысын шығару. Есепті құрастыруға, рәсімдеуге және қорғауға жалпы талаптар.	10						+			+
14	Жоғары мектепте қазақ тілін оқытудың инновациялық технологиялары	Пәннің мақсаты-магистранттардың қазақ тілін оқытуда инновациялық технологияларды қолдану саласындағы теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын дамыту. Пән заманауи педагогикалық тәсілдерді, цифрлық ресурстар мен платформаларды, қашықтықтан және аралас оқыту әдістерін, тілдік құзыреттілікті қалыптастыру технологияларын, интерактивті және коммуникативтік әдістерді, сондай-ақ қазақ тілін үйрену кезінде білім алушылардың дербес және жобалық қызметін ұйымдастыруды қамтиды.	5		+					+		+
15	Түркі тілдерінің тарихи лексикологиясы	Жалпы тіл білімінің сүбелі де күрделі салаларының бірі. Лексика және оның пайда болу жолдары мен даму заңдылықтарын зерттейді. Бұл пән тіл тарихына, сол тілде сөйлеуші этностың бастан кешірген тарихына қатысты тілдік фактілердің шығу тегін, қалыптасу кезеңдерін, туыстас тілдердің қатарынан алатын орнын, басқа тілдерге қатыстығын ғылыми – теориялық тұрғыдан зерттеуді мақсат етеді.	5		+				+			
16	Қыпшақ тілдерінің типологиясы	Қыпшақ тілдерінің типологиясы пәнінің мақсаты – магистранттарға түркі тілдерінің қыпшақ тобының құрылымдық-типологиялық ерекшеліктерін терең зерттеу әдістерін үйрету. Пән қыпшақ тілдерінің фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік жүйелерін салыстырмалы талдауға бағытталған.	5		+				+			

		Магистранттар қыпшақ тілдерінің даму заңдылықтарын, олардың генетикалық және типологиялық байланыстарын анықтауды меңгереді. Сонымен қатар, тілдердің ішкі құрылымдық ұқсастықтары мен айырмашылықтарын классификациялау дағдыларын қалыптастырады.											
17	Әлеуметтік лингвистика	Пәннің мақсаты-магистранттарда тілдің қоғамдағы жұмысының әлеуметтік-лингвистикалық аспектілері туралы жүйелі білім қалыптастыру, тіл мен әлеуметтік факторлар арасындағы байланысты талдау дағдыларын дамыту, ғылыми зерттеулерде, оның ішінде магистрлік диссертацияны дайындауда әлеуметтік-лингвистикалық тәсілдер мен әдістерді қолдануға үйрету. Бұл пән әлеуметтік лингвистиканың негізгі ұғымдарын, бағыттары мен әдістерін, тілдік вариацияның ерекшелігін, тіл саясаты мен жоспарлау мәселелерін, екі тілділік, тілдік байланыстар, тілдік сәйкестілік және тіл мен қоғамның арақатынасы мәселелерін ашады.	5		+				+	+			
18	Лингвистикалық терминология	Пәннің мақсаты-магистранттарда лингвистикалық терминология, терминдерді жіктеу негіздері және оларды тіл білімінің әртүрлі салаларында қолдану туралы терең білімді қалыптастыру. Пән лингвистикалық терминдерді дәл және дұрыс қолдану дағдыларын дамытуға, сондай-ақ олардың ғылыми және педагогикалық практикадағы, оның ішінде қазақ тілін оқытудағы рөлін түсінуге бағытталған.	5		+				+	+			
19	Психоллингвистика	Пәннің мақсаты-магистранттарда тіл мен психиканың өзара байланысы туралы кешенді білімді қалыптастыру, сөйлеу қызметінің теориялық негіздерін, сөйлеуді қабылдау, түсіну және өндіру тетіктерін игеру, сондай-ақ білім беру қызметінде психоллингвистикалық тәсілдерді қолдану дағдыларын дамыту. Пән психоллингвистиканың негізгі бағыттары мен тұжырымдамаларын, сөйлеу қарым-қатынас механизмдерін, ішкі сөйлеуді, тілдік дағдыларды қалыптастыру және дамыту процестерін, білім алушылардың сөйлеу даму ерекшеліктерін зерттейді.	5	+	+						+	+	
20	Этнолингвистика	Пәннің мақсаты-магистранттарда тілдің, мәдениеттің және этностың өзара байланысы туралы тұтас түсінік қалыптастыру, этномәдени құндылықтарды, менталитет пен дүниетанымды көрсету тұрғысынан тілдік бірліктерді талдау дағдыларын дамыту, сондай-ақ студенттерді пәнаралық негізде этнолингвистикалық	4		+				+	+			

		зерттеулерді өз бетінше жүргізуге дайындау. Бұл пән этнолингвистиканың тіл мен мәдениеттің өзара байланысын зерттейтін ғылым ретіндегі негізгі ұғымдарын, принциптері мен әдістерін, тілде көрініс тапқан этникалық дүниетанымының, фразеологизмнің, символизмнің, мифопоэтикалық ұғымдардың тілдік көрінісінің ерекшеліктерін ашады.											
21	Жоғары мектепте қазақ әдебиетін оқытудың инновациялық технологиялары	Пәннің мақсаты-магистранттардың жоғары оқу орындарында қазақ әдебиетін оқыту кезінде инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану саласында кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру. Пән оқытудың заманауи әдістері мен технологияларын зерделеуге, цифрлық құралдар мен платформаларды, жобалау және зерттеу тәсілдерін, интерактивті және мультимедиялық құралдарды оқу процесіне біріктіруге, сондай-ақ әдеби білім беру арқылы білімалушылардың сыни ойлауы мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған.	5				+						+
22	Қазақ әдебиеттануының жаңа бағыттары	Пәннің мақсаты-магистранттардың қазақ әдебиеттануындағы үрдістер мен тұжырымдамалар туралы заманауи ғылыми түсініктерін дамыту, қазіргі заманғы теорияларды қолдана отырып, әдеби процестер мен мәтіндерді сыни тұрғыдан түсінудің аналитикалық дағдыларын қалыптастыру. Пән постмодернизм, структурализм, интертекстуализм, гендерлік сын сияқты қазақ әдебиетін зерттеудегі жаңа әдіснамалық тәсілдерді, сондай-ақ жаһандану мен ұлттық бірегейлік контекстіндегі қазіргі әдеби процесті талдауды қамтиды.	5				+		+				+
23	Драматургия поэтикасы	Драматургия поэтикасы пәнінің мақсаты – магистранттарға драмалық шығармалардың құрылымдық-композициялық ерекшеліктерін терең зерттеу әдістерін меңгерту. Пән драматургиялық туындылардың жанрлық табиғатын, конфликт құрылымын және көркемдік-эстетикалық қырларын талдауға бағытталған. Магистранттар драма теориясының негізгі категорияларын, драматургиялық мәтіндердің поэтикалық заңдылықтарын игереді. Сондай-ақ, классикалық және заманауи драмалық шығармаларды сыни тұрғыдан бағалау дағдыларын дамытады.	5				+		+				
24	Қазақ әдебиеті сынының өзекті мәселелері	Пәннің мақсаты-магистранттарда қазақ әдеби сынындағы заманауи теориялық және әдіснамалық тәсілдерді терең түсінуді қалыптастыру, оның дамуының негізгі	5				+		+				

		тенденцияларын талдау, сыни контекстті ескере отырып әдеби шығармаларды түсіндіруге үйрету, сондай-ақ магистрлік зерттеу шеңберінде сыни мәтіндерге өз бетінше ғылыми талдау жүргізуге дайындау. Жаңа қазақ әдебиеті контекстіндегі сынның өзекті мәселелерін зерттеуге, әдебиетаралық байланыстарға, қазіргі мәдени және қоғамдық жағдайларда мәтіндерді түсіндіруге ерекше назар аударылады.											
25	Халық әдебиеті және әдеби шығарма	Пәннің мақсаты-магистранттарда ауызша халық шығармашылығы мен жазбаша әдебиет арасындағы көркемдік сабақтастықты жүйелі түсінуді қалыптастыру, сондай-ақ әдеби шығармалардағы фольклорлық мотивтерді талдау дағдыларын дамыту. Пән қазақ халық әдебиетінің негізгі жанрларын, олардың құрылымын, функциялары мен поэтикасын, сондай-ақ әдеби көріністің ауызша және жазбаша нысандары арасындағы өзара іс-қимылды қоса алғанда, қазақ жазушыларының шығармашылығындағы фольклорлық дәстүрлерді түрлендіру және көрсету тәсілдерін зерделейді.	5			+	+		+				
26	Қазақ әдебиеті теориясының тарихи мәселелері	Қазақ әдебиет теориясы көркем әдебиетті барлық қырынан жан-жақты ашып көрсетудің құралы. Әдеби заңдылықтар мен қағидаларды жүйелеп, поэтикалық, прозалық және драмалық көркем шығармалардың табиғатын тануға қызмет ететін пән. Қазақ әдебиет теориясының тарихи даму кезеңдері, әдебиет теориясының методологиясы, ғылыми бағыт, ағымдар, әдебиет теориясындағы әдеби шығарма, орта және автор мәселелері қарастырылады.	5				+		+				+
27	Қазіргі қазақ әдебиетінің жанрлық ерекшеліктері	Пәннің мақсаты-магистранттарда қазіргі қазақ әдебиетінің жанрлық алуан түрлілігі туралы ғылыми түсінік қалыптастыру, дәстүрлі және жаңа әдеби формалардың даму ерекшеліктерін ашу, жаһандану, цифрландыру және мәдени өзгерістер жағдайындағы жанрлық трансформациялардың ерекшеліктерін талдау, сондай-ақ әртүрлі жанрдағы шығармаларды дербес әдеби талдау дағдыларын дамыту. Пән қазіргі қазақ әдебиетінің жанрлық әртүрлілігін зерттеуге, жаңа әдеби құбылыстарға тән көркемдік формалар мен әдістердің ерекшелігін анықтауға бағытталған.	4				+		+				+
28	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы магистранттың кәсіби біліктілік деңгейін және оның ғылыми таным әдіснамасын меңгеру дәрежесін және алған білімінің, іскерлігінің, дағдыларының, құзыреттілігінің өз											

	мамандығы мен зерттеу жұмысы бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкестігін анықтайды. Магистранттың тәжірибе-зерттеу жұмысы теориялық, әдістемелік міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін және ғылыми бағыттарды дамытуға негіз болып табылатын әдістемелік-педагогикалық нәтижелерді қамтиды.																			
--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

4. Модульдер сипаттамасы

Модуль	Құрамдас компоненттің атауы	Пререквизиттер	Оқыту нәтижелері
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер	Ғылым тарихы мен философиясы	Философия Мәдениеттану Саясаттану Әлеуметтану	ғылымның тарихы мен ғылымның даму кезеңдерін білу
			ғылыми дамудың қазіргі кездегі ерекшеліктері мен ғылымдардың философиялық мәселелерін білу
			ғылыми-зерттеу жұмыстары барысында пайда болатын және терең, кәсіби білімді қажет ететін мәселелерді шеше алу
			ғылыми зерттеуді ұйымдастыру ұстанымдарын, ғылыми білімге қол жеткізу мен құру тәсілдерін жете түсіне білу
			өз бетінше ғылыми-зерттеу және ғылыми-педагогикалық жұмыстарды жүргізе білу
			ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде, педагогикалық, тәрбие жұмыстарын жүргізуде, ғылыми мақалалар мен тезистер жазу барысында, конференцияларда, дөңгелек столарда, пікір-таластарда, сұхбаттар жүргізуде методологиялық білімдерін қолдана білу
	Шет тілі (кәсіби)	Шетел тілі	шет тілінде оқу мен жазудың және мәтінді аударудың негізгі ережелерін білу
			жоспарға сай қарастырылған лексикалық минимум шегінде монолог және диалогтық сөйлеуді меңгеру
			ғылыми ақпаратты алу және беру үшін мамандық бойынша әдебиетті және қоғамдық-саяси сипаттағы әдебиетті өз тандауы бойынша шет тілінде оқи алу
			алынған ақпаратты аннотация, рефераттар аудару түрінде ресімдеу алу
Жоғары мектеп педагогикасы	Педагогика	магистранттың мамандығы мен ғылыми жұмысымен байланысты тақырыптарды шет тілінде айта алу	
		қоғамдық-саяси және әлеуметтік тақырыптарда әңгіме жүргізу, хабарламалар мен баяндамалар жасау	
			жоғары педагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздерін және оның даму тарихын, әлемдік педагогикалық мұраларды білу
			жоғары педагогикалық үдерісті жүзеге асыру технологиясын білу

			ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетті, педагогикалық қатынас пен педагогикалық техниканы білу
			білім беру кеңістігінде педагогикалық технологияларды қолдана білу
			оқу-тәрбие міндеттерін тұжырымдау, осы міндеттерге адекватты іс-әрекет түрлерін, формалары мен әдістерін таңдай білу
			білім беру жүйесіндегі нормативті құжаттарда бекітілген кәсіби міндеттерді орындауды үйрену
	Басқару психологиясы	Әлеуметтану Психология	Менеджмент негізінде жатқан психологиялық теорияларды білу
			қазіргі заманғы басқару психологиясында көшбасшылық және жетекшілік теориялары білу
			қарым-қатынас және кәсіптік қарым-қатынасты ұйымдастыру әдістерді білу
			өзін өзі талдау және жетілдіре алу, жеке және ұжымдық шешім қабылдай алу
			коммуникативтік білімдері мен дағдыларын қалыптастыру, ұжымда, топта жұмыс істеу дайындығы болу
			кәсіптік қызмет барысында теориялық және практикалық білімді, білімдер мен дағдыларды кеңейту, өзін өзі жетілдіре алу
	Педагогикалық практика	Оқу практикасы Өндірістік практика	жекелеген сабақтарды жоспарлауды (дәріс, семинар, зертханалық-практикалық) білу
			сабақты өткізу барысында әр түрлі оқыту әдістерін пайдалана білу
			білім беру сапасын арттыруға ықпал ететін білім беру технологияларын, тәсілдері мен әдістерін игеру
			практика барысында атқарған өз жұмысына есеп беру және қорытындысын жасай білу
			оқу, әдістемелік, тәрбиелік, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жобалау, сабақтың барлық түрлеріне конспект құрастыру дағдысы болу
			тұтастай педагогикалық процесстердің проблемасы бойынша зерттеулер жүргізе алу
Қазақ тілі мен әдебиетінің тарихы мен теориясы	Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау	Философия Педагогика Психология Ғылым тарихы мен философиясы	ғылыми – зерттеу жұмыстарын жүргізуді меңгеру
			мұрағаттағы жұмыстармен жұмыс істей білуге үйрену
			мұрағаттағы құжаттарды талдай білу
			болып жатқан тарихи оқиғаларды терең түсініп қорытындылар жасау
			жинаған құжаттарын және сараптаған әдебиеттерді анықтай білу
			аталған курсты оқу барысында алған теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастыру
	Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері	Әдебиеттану негіздері	қазақ әдебиеттану ғылымының қазіргі таңдағы өзекті проблемалары мен зерттеу арналарынан білу
			әдебиет тарихы мен әдебиет теориясының мәселелерінің тұтаса қолданылу ерекшеліктерін жүйелеп тани білу

		<p>әр кезеңнің көркемдік даму процесіндегі өнер заңдылықтары мен заман проблемасын объективті және субъективті тұрғыда қарастыра білу</p> <p>ғылыми-зерттеу жұмыстарды жазу барысында әдеби мұралардың бір-бірімен сабақтастығын, зерттеу объектілерінің өзекті тұстарын тандай білу</p> <p>поэтика мәселесінің қыр-сырымен тереңірек танысып, болашақ өздерінің зерттеу еңбектеріне теориялық-практикалық мәліметтер жинақтай білу</p> <p>өзінің алған білімдері мен осы пән туралы ғылыми көзқарастарын саралап, зерттеу жүрзізе алу</p>
Көркем мәтін теориясы	Әдебиеттану негіздері Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен фразеологиясы Текстология	<p>көркем мәтін және оның белгілері, оны құраушы компоненттер туралы білу</p> <p>көркем мәтіннің әдеби-теориялық сыры мен сипатын, көркем мәтін теориясының зерттеу арналарын білу</p> <p>көркем мәтіннің тұлға-бірліктері – күрделі фразалық тұтасымды, абзацты ажырата алу</p> <p>көркем мәтінді құраушы бірліктердің байланысу амал-тәсілдерін тани білу</p> <p>көркем мәтін түрлері, баяндау қабаттары туралы білік-дағдыларының болуы</p> <p>көркем мәтін түрлеріне әдеби талдау жасап, олардың ерекшеліктерін ажырата алатын дағдысының болуы</p>
Текстология	Көркем мәтінді лингвистикалық талдау	<p>мәтінтаным ғылымының қалыптасу, даму тарихын, зерттелуін, басты категорияларын білу</p> <p>мәтін және мәтінтану ғылымы туралы теориялық, практикалық білімдерді білу</p> <p>ауыз әдебиет текстологиясы, ежелгі дәуір әдебиеті текстологиясы және қазіргі әдебиет текстологиясының айырмашылықтарына талдау жасай білу</p> <p>мәтінтанымдық жұмыстардың түрлерін меңгеріп, олардың ғылыми мақсатпен байланысын айқындай білу</p> <p>мәтінмен жұмыс жасап, кез-келген мәтінге өзінше мәтінтанулық зерттеу жүргізіп, талдау жасай алу</p> <p>мәтінді салыстыру және текстологиялық зерттеу әдістерін жан-жақты қарастыра отырып, ежелгі әдеби мұраларымыз бен ауыз әдебиеті үлгілеріне текстологиялық талдау жасай алу</p>
Жұбановтану	Қазіргі қазақ тілі фонетикасы Жалпы тіл білімі	<p>Қ.Жұбановтың ғылыми мұраларын игеріп, ғалымының қазақ тіл біліміне қосқан үлесін зерделеу</p> <p>ғалымның ғылыми-педагогикалық жолын танып, оның басты ұстанымдарын меңгеру</p> <p>Қ.Жұбановтың еңбектерін саралап, талдап, өзіндік пікір білдіре алу</p>

			ғалымның ғылыми мұраларын зерттейтін әдіс-тәсілдерді меңгеру, ғалым еңбектеріне лингвистикалық талдау жасай алу
			ол туралы іргелі зерттеулер мен еңбектерге барынша талдауды үйрену
			теориялық талдаулар жүргізуге дағдылану, ғылыми теориялық пікірлерді іріктей білу
	1960 жылдардағы қазақ әдебиеті	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті	1960 жылдардағы әдеби шығармалардың жанрлық сипатын білу;
			әдеби шығармалардың маңызын білу;
			осы кезеңнің әдебиетінің қалыптасу тарихын тани білу;
			Осы кезеңдегі ірі бағыттар, көркем жүйелер, жеке туындылар туралы білу
			көркем шығарманы шынайы және субъективті тұрғыда талдай білу;
			тұрақты сюжеттік жағдайларды анықтай білу.
Түркі тілдері тарихы мен оқыту әдістемесі	Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері	Қазақ тілінің тарихи тіл білімі Қазақ әдеби тілінің тарихы	шумер тілінің өзіндік ерекшеліктері мен қалыптасу тарихын, мәдениеті мен жазу түрлерін, түркі тілдерімен тарихи байланысын білу
			тарихи атаулардың танымдық мәнін түсініп, олардың қазақ әдеби тілінің дамуына тигізер пайдасын білу
			қазақ тілінің тарихи мұралары туралы білімдерін жетілдіріп, оларға ғылыми тұрғыдан талдай жасай алу
			шумер заманынан белгілі көне түркі тілінің жалғасы екендігі жайлы сенімді көзқарас қалыптастыру білу
			қазақ тілінің тарихи мұралары туралы ойларын айтып, өзіндік талдаулар жасай алу
			осы пән бойынша негізделген және қалыптасқан теориялық білімдерін жинақтай білу
	Түркі тілдерінің тарихи лексикологиясы	Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы Қазақ әдеби тілінің тарихы	тілде сөйлеуші этностың тілдік фактілердің шығу тегі, қалыптасу кезеңдері, туыстас тілдердің қатарынан алатын орнын білу
			түркі тілдерінің пайда болу жолдарын, даму заңдылықтарын білу
			жаңа сөздердің жасалуын, тілдің сөздік құрамының толығын, дамуын, ескірген сөздердің лексикамыздан шығып қалуын тани білу
			тілдің даму барысында сөз мағынасының өзгеруін, көп мағыналы сөздердің жасалуын және синонимдік қатарларды ажырата білу
			этимологиялық, лексикологиялық сөздікпен жұмыс жасай білу
			жинақтау, саралау жұмыстарын жүргізу дағдысы
	Қыпшақ тілдерінің типологиясы	Қазақ әдеби тілінің тарихы	түркі тілдерінің классификациясындағы қыпшақ тілдерінің орны білу
			қазіргі қыпшақ тілдерінің ұқсастықтары мен өзіндік ерекшеліктерін тану
			қыпшақ тілінің типологиясын ажырата білу.
			қыпшақ тілдерінің типологиясының зерттелу тарихын білу
			қыпшақ тілдеріндегі жәдігерлерді талдау

			салыстырмалы-тарихи, диахрондық, синхрондық, ретроспективтік әдістермен жұмыс істей білу
	Абай поэзиясының тілі	Абайтану	Абайдың қазақ әдебиеті мен әдеби тіліндегі орнын айқындай білу; табыстары мен жаналықтарын көрсету; Абай тілін және ондағы әдеби-көркемдеу тәсілдерін индивидуальдық, дәуірлік ерекшеліктерін тану; Абай әдеби тілдің проза жанрындағы бірқатар стильдердің ізін салғанын білу; Абай шығармаларының сөздік байлығын тегіне қарай талдай білу; Абай шығармаларындағы әлеуметтік сарын мен өмір шындығын тану.
	Зерттеу практикасы	Педагогикалық практика	ғылыми зерттеу жұмысын ұйымдастыруға қатысты теориялық білімдерді игеру магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстың мәнін тани білуі, бағдарлай білуі ғылыми - зерттеу жұмысының әдіснама мен әдістемесінің негізін үйреніп, әдіснамалық білімнің құрылымы мен қызметін меңгеру түрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу біліктілігін қалыптастыру педагогикалық үдеріс барысында практикалық міндеттерді шешуде зерттеу әдістерін қолдануды, алған мәліметтерін дәлелдей алуы менгеру ғылыми зерттеуді талдаудағы ептілік, ғылыми зерттеу жұмыстарының бағдарламаларының дербес құрастыра білу, түсіндіру, қорытындылау және зерттеу нәтижесін меңгеру дағдысының болуы
Тіл мен әдебиеттің теориясы, жаңа бағыттары және оқыту әдістемесі Тіл біліміндегі жаңа бағытар теориясы	Жоғары мектепте қазақ тілін оқытудың инновациялық технологиялары	Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың жаңа технологиялары	қазақ тілін оқыту әдістемесіне байланысты инновациялық технологияларды меңгеру инновациялық технологияларды ұтымды пайдалану инновациялық технологияларды сұрыптай білу тиімді инновациялық технологияны пайдалана білу оқу-ұйымдастыру дағдысын қалыптастыру теориялық білімді практикада қолдану дағдысын қалыптастыру
	Жоғары мектепте қазақ әдебиетін оқытудың инновациялық технологиялары	Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың жаңа технологиялары	әдебиетті оқыту процесінің ерекшеліктерін теориялық және практикалық тұрғыдан меңгере білу инновациялық технологияларды ұтымды пайдалана білу әдеби білім беруде оқу процесін ұйымдастыра білу әдеби шығарманы оқып-үйренудің жолдары мен амалдарын білу теориялық білімді практикада қолдану дағдысын қалыптастыра білу оқу-ұйымдастыру дағдысын қалыптастыра білу
	Қазақ әдебиеттануының жаңа бағыттары	Фольклорлық мұралар әдебиеті Әдебиеттану негіздері	әдебиеттану ғылымының тағылымдық, көркемдік-эстетикалық және ұлттық мәнін білу

		<p>әдебиеттану ғылымының бүгінгі таңдағы жаңа мәселелері мен көркемдік дамудағы жалғастық пен жаңашылдықты білу</p> <p>жаңа бағыт түрлерін ажырата білу</p> <p>тарихи - әдеби контекстегі әдебиеттану мектептерін білу</p> <p>сыни мақалалар мен теориялық зерттеу жұмыстарын жүргізе алу</p> <p>әдеби үдерістегі мектептер мен ағымдардың көркемдік өсу жолын бағдарлай білу</p>
Драматургия поэтикасы	Әдебиеттану негіздері	<p>драматургия туындылары арқылы драма жанрларының теориялық ерекшеліктерін тану</p> <p>драматургия тарихын, жекелеген авторлардың шығармаларының поэтикалық ерекшелігі мен сипаттамасын білу</p> <p>көркем кеңістік және пәндік әлемді ажырата білу</p> <p>әлемнің авторлық суретін білдіретін көркем дүниені іске асыру тәсілдерін анықтау</p> <p>шындықты театралдауда кейіпкерлер ойын, авторлық ойын поэтикасын анықтау</p> <p>Тұрақты сюжеттік жағдайларды анықтау</p>
Әлеуметтік лингвистика	Тіл біліміне кіріспе Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы	<p>танымдық аппаратты, әлеуметтік лингвистиканың ғылымдар жүйесінде алатын орнын білу</p> <p>әлеуметтік лингвистиканың негізгі ұғымдары мен мәселелерін білу</p> <p>ерекше жағдайларда әрекет ету, әлеуметтік және қабылданған шешімдер үшін этикалық жауапкершілікті сезіне алу</p> <p>зерттеудің эксперименталды және теориялық әдістерін қолдана білу</p> <p>кәсіби қызметте әлеуметтік, кәсіби бейіндеу білімі мен дағдыларын қолдана білу</p> <p>отандық және шетелдік тәжірибені пайдалана отырып зерттеу</p>
Қазақ әдебиеті сынының өзекті мәселелері	Қазіргі қазақ әдебиеті	<p>қазақ әдебиеті сынының ғылыми, идеялық, көркемдік дәрежесін білу</p> <p>сынның сипатын, ғылымилығын, публицистикалық сипатын, әлеуметтік сипатын, эстетикалық сипатын тану</p> <p>әдеби мұраларды бүгінгі заман тұрғысынан пайымдай білу</p> <p>өмір оқиғаларының көркем әдебиетте қалайша көрініс тапқандығын анықтай білу</p> <p>әдебиеттану ғылымының зерттеу әдістерін қолдана отырып белгілі бір әдеби шығарманы талдап үйрену</p> <p>аннотация, рецензия, мақала, айтыс мақала, шолу, шығармашылық портрет жазып үйрену</p>
Лингвистикалық терминология	Тіл біліміне кіріспе Жалпы тіл білімі	<p>термин жасаудағы үрдіс пен қазақ терминологиясының тарихын білу</p> <p>лингвистикалық терминдерді аударудағы терминдік элементтердің сипатын білу</p>

		қыпшақ тілінің типологиясын ажырата білу
		қыпшақ тілдерінің типологиясының зерттелу тарихын білу
		лингвистикалық терминді аударуда терминдік элементтердің семантикалық сипатын практикада пайдалану
		салыстырмалы-тарихи, диахрондық, синхрондық, ретроспективтік әдістермен жұмыс істей білу
Халық әдебиеті және әдеби шығарма	Әдебиеттану негіздері Көркем мәтінді лингвистикалық талдау әдістемесі	халық әдебиетінің жанрлық сипатын, халық әдебиетінің тарихын білу
		әдеби шығарманың халық әдебиетіндегі маңызын білу
		халық әдебиеті терминінің қалыптасу тарихын тани білу
		әдеби үдерістегі ірі бағыттар, көркем жүйелер, жеке туындылар туралы білу
		көркем шығарманы шынайы және субъективті тұрғыда талдай білу
		тұрақты сюжеттік жағдайларды анықтай білу
Психоллингвистика	Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы Қазақ тілінің стилистикасы	психоллингвистиканың даму динамикасында, әдіснамалық принциптері, зерттеу әдістері, идеялары мен тұжырымдамаларды білу
		философиялық, психологиялық негіздеме, психоллингвистиканың қалыптасуындағы ролін білу
		когнитивті-тілдік дамуына байланысты практикалық міндеттерге теориялық негіздеме беру
		әлеуметтік, тұлғалық сипаттамаларды, психоэмоционалдық жағдайларды анықтау
		түрлі құбылыстарды, феномендерді, психоллингвистика мәселелерін талдау әдістері
		когнитивті-тілдік, әлеуметтік дамуды талдау үшін психоллингвистикалық әдістері дұрыс қолдану
Қазақ әдебиеті теориясының тарихи мәселелері	Әдебиеттану негіздері	әдебиет теориясының тарихи мәселелерін білу
		қазақ әдебиеті теориясының мәселелерін дәуірлеу кезеңін білу
		әдеби шығарманы теориялық тұрғыдан талдай білу
		Ғылыми ағымдарды ажырата білу
		зерттеу жұмысын жүргізу дағдысы болу
		оқу-ұйымдастырудағы сынқалыптастыру
Этнолингвистика	Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы Түркітану	тіл мен этникалық мәдениеттің, ойлаудың өзара байланысы туралы білу
		заманауи этнолингвистиканың даму тарихын, маңызды мәселелерін білу
		лингвистикалық ойдың негізгі ағымдарын талдай алу
		әлемнің тілдік суретінің жеке жақтарын талдай білу
		дәстүрлі әдістер мен қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың көмегімен тілдік фактілерді талдай білу
		ассоциативті эксперимент негізінде этнос әлемінің тілдік бейнесін зерттеу

Әдебиеттанудағы жаңа бағыттар мен оқыту әдістемесі	Қазіргі қазақ әдебиетінің жанрлық ерекшеліктері	Әдебиеттану негіздері Көркем мәтінді лингвистикалық талдау	қазіргі қазақ әдебиеті жанрларының классификациясын білу
			формасына, мазмұнына, тегіне байланысты түрлерін ажырата білу
			көркем шығарманы жанрлық ерекшелігіне қарай талдай білу
			әдеби ағым түрлерін ажырата білу
			оқу-ұйымдастырудағысының болуы
			ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу дағдысының болуы

5. 2025-2027 оқу жылына арналған оқу жоспары

Модуль атауы	Цикл, компонент	Пән атауы	Кредит саны	Кредиттерді семестр бойынша бөлу				
				Барлығы	1 сем	2 сем	3 сем	4 сем
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер	БП, ЖООК	Ғылым тарихы мен философиясы	3	90	3			
	БП, ЖООК	Шетел тілі (кәсіби)	5	150	5			
	БП, ЖООК	Жоғары мектеп педагогикасы	4	120	4			
	БП, ЖООК	Басқару психологиясы	4	120	4			
	БП, ЖООК	Педагогикалық практика	4	120				4
Цикл бойынша барлығы БП, ЖООК			20	600	16	0	4	0
Қазақ тілі мен әдебиетінің тарихы мен теориясы	БП, ТК	Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау	5	150		5		
	БП, ТК	Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері						
	БП, ТК	Көркем мәтін теориясы	5	150	5			
	БП, ТК	Текстология						
	БП, ТК	Жұбановтану	5	150		5		
	БП, ТК	1960 жылдардағы қазақ әдебиеті						
	Цикл бойынша барлығы БП, ТК			15	450	5	10	0
Цикл бойынша барлығы БП, ЖООК, ТК			35	1050	21	10	4	0
Түркі тілдері тарихы мен оқыту әдістемесі	КП, ЖООК	Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері	5	150	5			
	КП, ЖООК	Абай поэзиясының тілі	4	120			4	
	КП, ЖООК	Зерттеу практикасы	12	360				12
	Цикл бойынша барлығы КП, ЖООК			21	630	5	0	4
Тіл мен әдебиеттің теориясы, жаңа	КП, ТК	Жоғары мектепте қазақ тілін оқытудың инновациялық технологиялары	5	150		5		

бағыттары және оқыту әдістемесі	КП, ТК	Жоғары мектепте қазақ әдебиетін оқытудың инновациялық технологиялары						
	КП, ТК	Түркі тілдерінің тарихи лексикологиясы	5	150		5		
	КП, ТК	Қазақ әдебиеттануының жаңа бағыттары						
	КП, ТК	Қыпшақ тілдерінің типологиясы	5	150		5		
	КП, ТК	Драматургия поэтикасы						
	КП, ТК	Әлеуметтік лингвистика	4	120			4	
	КП, ТК	Қазақ әдебиеті сынының өзекті мәселелері						
	КП, ТК	Лингвистикалық терминология	5	150			5	
	КП, ТК	Халық әдебиеті және әдеби шығарма						
	КП, ТК	Психолингвистика	4	120			4	
	КП, ТК	Қазақ әдебиеті теориясының тарихи мәселелері						
	КП, ТК	Этнолингвистика	4	120			4	
	КП, ТК	Қазіргі қазақ әдебиетінің жанрлық ерекшеліктері						
		Цикл бойынша барлығы КП, ТК	32	960	0	15	17	0
		МҒЗЖ	24	720	4	5	5	10
		МДРмҚ	8	240				8
		Барлығы	120	3600	30	30	30	30